

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Инклюзивті оқыту және оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәжірибесі» тақырыптағы оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы (Білім беру ұйымдарындағы оқытушылар мен мұғалімдеріне)

Бағдарлама авторы:

Усенова С.М.- «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығының аға үйлестірушісі, «Әлеуметтік психология» кафедрасының аға оқытушы, психология ғылымдарының магистрі.

Бағдарлама келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды ескере отырып әзірленген:

Бағдарламаның тақырыптық-күнтізбелік жоспарын әзірлеу барысында келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

«Инклюзивті оқыту және оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәжірибесі» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы келесі құқықтық-нормативтік құжаттар негізінде жасалды: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидалары» туралы №377 бұйрығы (25.08.2022), ҚР Білім және ғылыми министрлігінің «Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары» №4 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» №6 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. Жалпы ережелер

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы (2023ж.) жоғары оқу орындарын ірілендіру саясаты барысында мұғалімдердің біліктілігін арттыру, бәріне бірегей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуын қамтамасыз ету, психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажеттігін ерекше атап өтті.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «Дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау жөніндегі жұмысты жетілдіру, балалардың мүдделерін қорғау, баланың қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге арналған», - делінген.

Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды дамуды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді қарастырады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы» сынды құқықтық-нормативті құжаттар арқылы міндеттелген инклюзивті білім беру үрдісі педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне қойылар талаптарды күшейтеді.

Бағдарлама жалпы білім беретін білім беру ұйымдарының педагог-психолог қызметкерлерін инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологияларын қолдану икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға, жеке білім беру бағдарламасын жасауға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір дарынды бала үшін оңтайлы педагогикалық бағыттамааларды жобалауды оқытуға бағытталған.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес елімізде 2011 жылдан бастап инклюзивті білім беру кезеңімен енгізілуде. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары бойынша «Қол жетімділік пен инклюзивті білім қолға алынып, инклюзивті білім беру психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етуді, оқу бағдарламаларын құруды, сондай-ақ педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды көздейді.

Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жағдайына байланысты балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі екі кезеңді қамтиды. Біріншінде психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру туралы жалпы ереже әзірленеді; мамандардың құрамы және лауазымдық міндеттері бекітіледі; олардың кәсіби өсуіне жағдай жасалады. Екінші кезеңде дарынды балалардың тізімі және психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламалары, жеке оқу жоспарлары, білім беру бағдарламалары, мамандардың жеке бағдарламалары талқыланып, бекітіледі.

ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптары аясында дарынды баланың білім бағдарламаларын меңгеру ерекшеліктеріне байланысты, оқу материалдары мен ресурстарын бейімдеу сынды күрделі мәселелерден бастап, инклюзивті білім қажеттілігі бар оқушылар категорияларының психофизиологиялық даму ерекшеліктері, олардың

қабылдау деңгейлеріне орай күнделікті сабақ тапсырмаларын дайындау, оқу жетістіктерін бағалау критерийлері ұжымындағы моральды-психологиялық ахуалды бақылау және реттеу, дарынды оқушыны қолдау, өзара қарым-қатынастар жүйесі және бірлескен іс-әрекеттерді басқару, ата-аналармен жұмыс, т.б. іс-әрекеттерді қамтиды.

Қазіргі білім беру саласындағы ең маңызды міндеттердің бірі – қабілеті жоғары, дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау жасау арқылы еліміздің интеллектуалды әлеуетін арттыруға үлес қосу. Білім беру жағдайында дарынды балаларды оқыту және оларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мәселесі өзекті болса да, бүгінгі күнге дейін бұл мәселеге арналған зерттеулер аз.

Осыған байланысты, бұл авторлық бағдарламада инклюзивті білім беру жағдайында, дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиялары ұсынылады. Стратегия – нәтижеге бағдарланған тиімді әдістер мен тәсілдердің жиынтығы.

Сүйемелдеу – бұл бір реттік көмек емес, баланы ұзақ мерзімді қолдау, оның негізі мәселелерін шешудің тиімді нұсқасын таңдауға бағытталған нақты іс-шаралар кешені. Сондықтан, бұл бағдарламада сүйемелдеуді баланың табысты дамуына жағдай жасауға бағытталған қызмет жүйесі ретінде қарастырамыз.

Білім беру жағдайында дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің стратегиясы мыналарды ескереді:

- білім беру ұйымының дарынды балалардың даму деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруы;
- балалар ұжымында және ата-аналар арасында эмоционалды қолайлы климат құру мәселелері;
- жеке-топтық сабақтарда қолдау, дамыту бағытындағы бағдарламаларды іске асыру ерекшелігі.

Дарынды балалармен дамытушылық жұмыстың негізгі бағыттары топтық және жеке рефлексияны ұйымдастыру, оқушылардың өзін-өзі таныстыру, интроспекция, өзін-өзі бақылау, еңбекті ұйымдастыру, жоспарлау, тиімді қарым-қатынас, топтық тренингтер және т.б. тәсілдерін игеруге бағытталған. Оқытудың мұндай ерекшеліктері баланың жеке даму траекториясын тиімді жоспарлауға және нәтижеге бағдарлауға оң ықпал етеді.

Мектеп қауымдастығында инклюзивті білім беру жағдайында, дарынды балаларды қолдауға қатысты белгілі бір психологиялық көзқарасты қалыптастыру арқылы әр оқушының бірегейлігі, оның қабілеттерінің құндылығы туралы идеяларды қолдайтын және дамытатын психологиялық ортаны ұйымдастыру маңызды.

Бағдарлама нәтижелері әрбір дарынды оқушыға жеке және сараланған қатынасты қалыптастыруға, ата-аналармен және жалпы қоғаммен ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ, материалдық-техникалық базаны жақсартуды қоса алғанда инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін одан әрі жетілдіруге арналады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу маман мен оқушылардың

жеке дамуына жағдай жасауға, қажетті құзыреттерді қалыптастыруға және күрделі өмірде қолдауға бағытталған өзара әрекеттесу процесі ретінде анықталады.

Қоғамдағы дарынды балаларды оқыту жетістіктері: оның адамгершілігін, әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары деңгейін, елдегі адами капиталды пайдаланудың тиімділігін көрсетеді.

2. ГЛОССАРИЙ

Инклюзивті білім беру – барлық балаларды, соның ішінде мүгедектігі бар балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Арнайы білім беру – бұл мүгедектігі бар білім алушыларға арналған білім алу. Бұл топқа оқу қиындықтары, қарым-қатынас бұзылыстары, эмоционалдық және мінез-құлық бұзылыстар, физикалық кемістіктер, дамудың бұзылуы және басқа да мүгедектер жатады.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар – Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар — тиісті деңгейдегі білім беруде тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болған балалар.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиялары – бұл оқу процесінде әр баланың сәтті дамуы мен оқуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын тұтас жүйе.

Психофизиологиялық даму ерекшеліктері – психофизиологиялық даму ерекшеліктері — бұл адамның психикалық және физиологиялық өзгерістерінің бірлескен дамуы.

Инклюзия индикаторлары – бұл инклюзивті мектептердің индикаторлары, оларды келесі бес бағытқа бөліп көрсетеді:

- оқытудың инклюзивтік құндылықтарын және принциптерін енгізу;
- оқу ортасын құру;
- өнекейлікті қамтамасыз ету үшін қажетті қолдау беру.
- білім беру процесін ұйымдастыру және оның бағдарламалық мазмұны.
- ата-аналар мен жергілікті қоғамды инклюзивті процестің ішінде қатысу.

Цифрлы ресустар – бұл компьютерді қолдану арқылы жүзеге асатын өнім.

Эмоционалды қолайлы климат құру – бұл ұжым мүшелерінің эмоционалдық қарым-қатынастарын жақсарту.

Психологиялық орта – әлеуметтік-психологиялық орта (Социально-психологическая среда) — адамдар арасындағы экономикадан тыс қарым-қатынастар, оған адамдардың бір-біріне — деген әр түрлі сыйластық немесе немқұрайдылық қарым-қатынастары кіреді.

Шығармашылық ойлау – жаңа идеяларды қалыптастыруға, мәселелерді жаңа тәсілмен шешуге бағытталған ойлау түрі.

Инновация – білім беру процесіне жаңа әдістер мен технологияларды енгізу арқылы оның сапасын арттыру.

Дискуссия – пікір талас, белгілі бір мәселе бойынша пікір сайысы, қандай да болсын мәселені немесе өзара байланысты мәселелер тобын білікті тұлғалармен бір мәмілеге келу үшін талқылау

Стратегия – нәтижеге бағдарланған тиімді әдістер мен тәсілдердің жиынтығы.

Сүйемелдеу – бұл бір реттік көмек емес, баланы ұзақ мерзімді қолдау, оның негізі мәселелерін шешудің тиімді нұсқасын таңдауға бағытталған нақты іс-шаралар кешені.

Педагогикалық квалитетрия – бұл білім беру процесінің сапасын сандық өлшемдермен бағалау технологиясы.

Өзін- өзі бағалау – бұл өзінің мықты және әлсіз жақтары, мүмкіншіліктері мен мәселелері жайлы ақпараттарды талдап, жинауға бағытталған процесс.

3. Бағдарламаның тақырыбы

1. нормативті-құқықтық модуль	Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының жыл сайынғы Жолдауының басым бағыттары. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ. Мүгедектігі бар балалардың сапалы білім алуы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген.
2.психологиялық-педагогикалық модуль	Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды дамуды, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға жағымды мәдениетін қалыптастырудың ұйымдастырушылық негіздері. Жалпы білім беретін білім ұйымдары жағдайында мүгедектігі бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Өзекті даму аймағы. Жақын арадағы даму аймағы. Жеке білім беру бағдарламалары.
3. мазмұндық модуль	Жалпы білім беретін мектептердің сонымен қатар, инклюзивті тәжірибе сапасын басқару жүйесі. Білім беру үдерісіне ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосу сапасын басқару жүйесінің теориялық негіздері. Инклюзивтік саясат, тәжірибе және мәдениетті жасау. Инклюзивті мектептердің сапасын басқару жүйесінің моделі. Инклюзивті білім беру сапасын басқару жүйесі. Мектептерде қатысу атмосферасын дамыту. Жалпы білім беретін мектептерде оқу-тәрбие үдерісінде ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосу сапасын басқару.
4. технологиялық модуль	Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде танымдық- өнімді педагогикалық технологиялар. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларға арналған қашықтан оқыту (ҚО). Халықаралық тәжірибе негізінде электронды оқыту

	жүйесін дамыту. Қашықтықтан оқытудың әдістемесі, қашықтықтан оқыту контентінің жаңа түрлері. (скринкаст, подкаст, вебинар). Тиімді коррекциялық-педагогикалық жүйе құру бойынша мектеп жұмысын тәжірибе жүзінде таныстыруды, заманауи білім беру технологияларын, формаларын және әдістерін оқушылармен бірлесе отырып меңгеруді болжайды. Модульдің мазмұны - Білім беру мазмұнын жүйелі жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін меңгеру. Ерекше қажеттілігі бар балалар үшін қашықтан оқыту технологиясы. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы мобильдік және смарт оқыту. - Мүгедектігі бар балаларды түзете-дамыта оқыту технологиясы.
қорытынды бағалау	Бағдарламаға қатысушылардың білімдерін, қалыптасқан біліктері мен дағдыларын тестілеу арқылы бағалау

4. Мақсат, міндеттер және Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Курстың мақсаты: Колледж, Білім беру ұйымдарының педагог-психологтары, мектеп мұғалімдері, ассистент-педагогтарына инклюзивті білім беру жағдайында, дарынды балаларды сүйемелдеу стратегияларының меңгеруін қамтамасыз ету, сонымен бірге инклюзивті тәжірибені басқаруда жетекші кадрлардың кәсіби құзыреттіліктерін, инклюзивті білім беру ортасына «қосатын» оқыту үрдісі мен нәтижелерінің сапасын өлшеуге арналған педагогикалық квалиметрия әдістерін пайдалану білімдері мен дағдыларын дамыту.

Курстың міндеттері:

- 1) жалпы білім беретін мектептерде оқу үрдісінде мүгедектігі бар балаларды қосудың теориялық білімдер негізін білу;
- 2) ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу саласындағы ғылымның соңғы жетістіктерін білу;
- 3) мектептерде білім сапасын, сонымен бірге инклюзивті тәжірибені басқару тәсілдерін меңгеру.
- 4) ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларға қатысты нәтижеге бағытталған білім беру қызметін жоспарлау;
- 5) ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім ортасына қосумен байланысты білім беру сапасын басқарудың мәнін талдау;
- 6) инклюзивті мектептердің оқу - тәрбие үдерісінің сапасын басқарудың мектепшілік жүйесін ұйымдастыру мониторингін жүргізу.

Курстың практикалық маңыздылығы

Статистика көрсеткендей, университеттер үдерісіне кіріктіруді қажет ететін мүгедектігі бар белсенді тұлғалар мен балалар саны артып келеді (тұратын орны, ата-аналарының таңдауы бойынша және т.б.). Мекеме, бала-бақша, білім беру ұйымдары басшыларының өзінде инклюзивті білім беру ортасын құруға жетелейтін қадамдар жасау бойынша мекеме, бала-бақша, білім беру ұйымдары жұмысын жоспарлаумен таныстыру - біліктілікті арттыру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі. Курс бағдарламасы тыңдаушыларды инклюзивті білім саласындағы бағдарламалық құжаттармен, заңнамалармен және нормативтік құжаттармен, заманауи инновациялық үдерістер тұрғысынан кіріктірілген оқыту ортасында білім беруді дамыту келешегімен таныстыруға арналған. Оқыту бағдарламасы кез - келген мекеме, бала-бақша, білім беру ұйымдары инклюзивті білім ортасын құру және жобалауда қай бағытқа жылжуды көрсетеді, мекеме, бала-бақша, білім беру ұйымдардағы әрбір бала мен ересек шынайы қабылданып, ешқандай әлеуметтік маркерлерге тәуелді болмай, қорғалған болуына көмек көрсете алуы мүмкін.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

1. Арнайы (түзету) білім беру жағдайында мүгедектігі бар балаларды оқыту үдерісін жобалайды;
2. Оқытудың кіріктіру көзқарастарын қолданады;
3. Кәсіби құзыреттілігін үнемі көтеру, шығармашылық жекешелік, педагогикалық инновацияға алғырлық, педагогикалық ортаға ауыстыруды бейімдеуге қабілеттілігін көтереді;
4. Бастапқы мүмкіндіктері әртүрлі оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған оқытудың белсенді стратегияларын қолданады;
5. Бастапқы мүмкіндіктері әртүрлі оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жүйесін қолданады;
6. Ерекше білім беру қажеттіліктерімен балалар қажеттіліктеріне орай білім беру диагностикасы негізінде ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-шараларды ойластырады;
7. Мүгедектігі бар балаларына білім беру қажеттілігіне жауап беретін интерактивтік түзете дамыту ортасын ұйымдастырады;
8. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолданады.

5. Бағдарлама құрылымы мен тақырыптары

1. нормативті-құқықтық модуль	1.1 Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының жыл сайынғы Жолдауының басым бағыттары. 1.2 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ. Мүгедектігі барбалалардың сапалы білім алуы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген.
-------------------------------	--

2. психологиялық-педагогикалық модуль	1.1 Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды дамуды, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға жағымды мәдениетін қалыптастырудың ұйымдастырушылық негіздері. 1.2 Жалпы білім беретін білім ұйымдары жағдайында мүгедектігі бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. 1.3 Өзекті даму аймағы. Жақын арадағы даму аймағы. Жеке білім беру бағдарламалары.
3. мазмұндық модуль	1.1 Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосатын білім беру сапасын бағалау рәсімдеріне мектептерді дайындау. 1.2 Білім сапасын бағалау. Инклюзия индикаторлары. Сараптамалық бағалау тәсілі. Педагогикалық квалиметрия негіздері. Педагогикалық квалиметрия арқылы инклюзия индикаторлары. 1.3 Оқу нәтижесі және сапа үдерісін бағалау. Оқыту сапасын басқару бойынша мұғалімнің инклюзивті тәжірибесінің іс-әрекеті. 1.4 Мұғалімінің инклюзивті тәжірибесі іс-әрекетінің сапасын өзін-өзі талдауы және өзін-өзі бағалауы. 1.5 «Инклюзивті мектеп–барлығына арналған мектепті» дамытуды жоспарлау тәсілдері. 1.6 Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосатын жалпы білім беретін мектептерді дамыту жоспарын құру.
4. технологиялық модуль	1.1 Білім беру мазмұнын жүйелі жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін меңгеру. 1.2 Ерекше қажеттілігі бар балалар үшін қашықтан оқыту технологиясы. 1.3 Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы мобильдік және смарт оқыту. 1.4 Мүгедектігі бар балаларды түзете-дамыта оқыту технологиясы.
қорытынды бағалау	Бағдарламаға қатысушылардың білімдерін, қалыптасқан біліктері мен дағдыларын тестілеу арқылы бағалау

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Оқу процесін тиімді ұйымдастыру курстың мақсаттарына қол жеткізуге және қатысушыларды барынша дамытуға бағытталған жоспарлауға, әдістемелік қамтамасыз етуге, технологиялық қолдауға және бағалау жүйесіне кешенді көзқарасты қамтиды. «Инклюзивті оқыту және оқушылардың ерекше білім беру

қажеттіліктерін бағалау тәжірибесі» курсы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру құрылымдалуы және оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағдарлануы тиіс. Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі аспектілері: Күнтізбелік жоспарлау: курстың жалпы көлеміне негізделген сабақтардың егжей-тегжейлі кестесін әзірлеу (80 академиялық сағат). Дәрістерді, семинарларды, практикалық сабақтарды және үй тапсырмасын уақыт кестесіне қосу.

Сабақ форматы: қатысушылардың интерактивтілігі мен оқу белсенділігін қамтамасыз ету үшін сабақ форматтарының әртүрлілігі. Дәрістерді, семинарларды, практикалық сабақтарды, мастер-кластарды, дөңгелек үстелдерді және іскерлік ойындарды, психологиялық көмектерді қосу. Әдістемелік қамтамасыз ету: презентацияларды, әдістемелік құралдарды, ғылыми мақалаларды, кейс-кезеңдерді, ғылыми мәтіндердің үлгілерін және табысты жобалардың мысалдарын қоса алғанда, оқу материалдарын дайындау және ұсыну. Заманауи технологияларды қолдану: ақпаратқа қол жеткізуді және оқу материалымен өзара әрекеттесуді жеңілдету үшін онлайн ресурстарды біріктіру. Қашықтықтан оқыту платформаларын, вебинарларды, виртуалды зертханаларды және бірлескен құралдарды пайдалану. Үлгерімді бағалау: оқытудың әр кезеңі үшін нақты бағалау критерийлерін әзірлеу, соның ішінде өзіндік тапсырмалар, аралық жұмыстар және тестілеу. Қатысушылардың нәтижелерін түзету және жақсарту үшін оқытушылармен кері байланыс және кеңес беру. Мониторинг және бейімделу: қатысушылардың үлгерімін үнемі бақылау және кері байланыс пен бағалау нәтижелеріне байланысты оқыту әдістемелерін бейімдеу. Әртүрлі деңгейдегі және қажеттіліктері бар қатысушыларға қосымша ресурстар мен қолдау көрсету. Оқытушылар тобын қалыптастыру: курсты ғылыми зерттеулер мен педагогикалық жұмыс саласында тәжірибесі бар білікті оқытушылармен қамтамасыз ету. Тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді әзірлеу үшін бірлескен жиналыстар мен талқылауларды ұйымдастыру.

тәжірибелік сабақтардың бағдарламасы

Тақырып	Кіріспе	Тақырыпты түжырымдау	Жаттығулар, ойында	Талқылау	Кері байланыс, рефлексия
Интеллектуалды жоғары өнімді оқыту: дарынды балаларға арналған оқу процестерін оңтайландыру, Психологиялық сүйемелдеу тәсілдері мен модельдерін зерттеу	«Қызығушылықты ояту» сатысы	Таланттарды қолдау: «Дарынды балаларға арналған бірегей оқыту тәсілдерін дамыту» таныстырылым	Мамандандырылған бағдарламалар: дарынды оқушыларға тиімді курстар құру ұжымда талқылау. Тәлімгерлік және қолдау: дарынды балалардың дамуын сүйемелдеу.	Психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиялары: оқытуға жеке көзқарас	«Интерактивті сұхбат» стратегиясы
Қолдау көрсететін білім беру ортасын құру үшін мектеп пен отбасы арасындағы серіктестік қатынастарды қалыптастыру	«Ассоциограмма» әдісі»	«Инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды қолдау мекемесінің ынтымақтастық байланыстары»	«Инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды қолдау мақсатында психолог-педагогтар пайдалана алатын тиімді SMART мақсаттарын әзірлеу мақсатында кесте толтыру	Білім беру ұйымының арнайы білім мекемелерімен ұйымдармен байланысы	«Кейс - стади» техникасы
Тәлімгерлік және қолдау: балалардың дамуын сүйемелдеу	«Жигсо» әдісі	«Тәлімгерлік және қолдау: дарынды балалардың дамуын сүйемелдеу»	Вундеркинд балаларды сүйемелдеу: дарындылықты анықтау әдістері	Балаларды сүйемелдеу және дамытуға байланысты	«Болжау» стратегиясы

		таныстырыл ымы		ы стрессті басқаруға көмектесу	
Балаларды психологиял ық қолдау жұмысының заманауи ерекшелікте рі	«Дискус сия,	«Балаларды психологиял ық қолдау жұмысының заманауи ерекшеліктер і» таныстырыл ымы	Таланттың инновациялық көріністерінде гі дарындылар: интеллектуалд ық тапсырмалард ы жоспарлау. Интеллектуал дық тапсырма берудегі оқу бағдарламасы ның тапсырмалары	балаларды ң эмоционал ды әл- ауқатын қолдауда психологт ың міндеттері	«Блум такса номия сы» strate гиясы
Шығармашы лық тапсырмалар мен жобалар: шығармашы лық әлеуетін көрсетуге мүмкіндік беретін тапсырмалар мен жобаларды жүргізу	эвристи калық әңгіме,	«Шығармаш ылық және өзін-өзі көрсету арқылы психикалық денсаулықты нығайту» таныстырыл ымы	Психологтар шығармашыл ық ойлау мен әлеуетті дамытуға және бағалауға арналған тапсырмалар мен жобаларды зерделейді	Инклюзив ті тұлғалард ың шығармаш ылық қабілеттері н ынталанды ру және дамыту	Синкв ейн strate гиясы
оқушыға бағдарламас ы, оқу материалдар ын бейімдеу	«Мағын аны ажырату »	оқушыға бағдарламан ың, оқу материалдар ын бейімдеу таныстырыл ы-мы	оқушыны дамытуға арналған оқу бағдарлама (материалдар ы тренингтер).	Білім беру бағдарлам аларын бейімдеу Оқу материалд. бейімдеу.	Венн диогра мма- сы

Курстың соңында тыңдаушылар өз кәсіби саласы бойынша, жеке тәжірибеге негізделген бағдарлама әзірлейді және оны көпшілік алдында қорғайды. Бағдарлама инклюзивті білім беру жағдайында дарынды оқушыны

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі аясында орындалып, оның жеке білім беру траекториясын анықтайтын құжат баламасы және тыңдаушылардың шағын тобының бірегей авторлық өнімі болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиялары бойынша жеке бағдарламаны әзірлеу – шығармашылық пен интеллект арасындағы байланыс және ұжымдық іс-әрекет тыңдаушыларды жаңа кәсіби белеске көтереді.

Оқушының әлеуетін ашу процесінде шығармашылық стратегиялар мен әдістерді қолдануды меңгеру арқылы, оқу жетістіктерін талдау: академиялық пәндер мен ерекше қабілет немесе қызығушылық пайда болатын салалардағы жоғары нәтижелерді бағалауға ықпал етеді. Осылайша мақсаттарға жету үшін нақты қадамдар мен стратегияларды әзірлеуде «Инклюзивті оқыту және оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәжірибесі» біліктілікті арттыру курсының келешектегі әлеуетті тыңдаушылары болары сөзсіз.

Курстың келесі құрамдас бөлігі – тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары (ТӨЖ). Ол тыңдаушының ерекше білім қажеттіліктерін анықтау мен бағалауға арналған.

ТӨЖ тапсырмаларының тізбесі (25 бірлік) тақырыптарды терең игеру мақсатында құрастырылды.

ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ

Тақырып 1. Балалар дарындылығының компоненттерінің қызметтерін сипаттау.

Тақырып 2. Интеллект жалпы дарындылықтың негізгі құрамдас бөлігін зерттеу.

Тақырып 3. Оқушымен жұмыс бағыттары бойынша эссе жазу.

Тақырып 4. Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытудың жұмыс түрлері.

Тақырып 5. Оқушының оқу жетістігін дискрипторлық бағалау технологиясы.

Тақырып 6. Оқушыны қолдау технологиясы бойынша коучинг сабақты қолдану.

Тақырып 7. Оқушыны педагогикалық- психологиялық диагностикалау әдістері.

Тақырып 8. Оқушымен жұмыс жүргізу жүйесі бойынша презентация жасау.

Тақырып 9. Оқушының проблемалары мен қиындықтарын зерттеу.

Тақырып 10. Балаларға арналған психологиялық, тренингтік жаттығулар.

Тақырып 11. Интеллектуалдық қабілетті зерттеуге арналған Айзенк тестілері.

Тақырып 12. Оқушының тұлғалық даму ерекшеліктерін зерттеудің қағидаттары.

Тақырып 13. Оқушымен жұмыс жүргізу инновациялық тиімді әдіс-тәсілдері.

Тақырып 14. Интеллектуалды балалармен жұмыс жүргізу әдістемесінің психологиялық қызмет жүйесін құру.

Тақырып 15. Оқушымен жұмыс кезінде психологиялық қолдаудың әдістері.

Тақырып 16. Білім беру бағдарламаларына немесе зерттеу жобаларына ата-анасымен жұмыс технологиясы.

Тақырып 17. Балалардың қабілеттерін дамыту бойынша ата-аналарға арналған тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру.

Тақырып 18. Психологиялық сүйемелдеу теориялары мен тұжырымдамаларына шолу.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

№	Тақырып	Сағат саны	Оқутүрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
1	Нормативті-құқықтық модуль	8 сағат	Лекция, семинар	Нормативті құжаттар – Бала құқығы туралы халықаралық конвенция. Психологиялық қызмет ережесінің жобасы. Әлеуметтік сала мекемесіндегі психологтың статусының жобасы. Психологтың этикалық кодексі. Концептуалды құжаттар – Психологиялық қызметтің тұжырымдамасы. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының жыл сайынғы Жолдауының басым бағыттары.
		2 сағат		Өзіндік жұмыстың түрлері мен оны ұйымдастыру
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	7 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер	Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. Рөлдік ойындар, тренингтік жаттығулар бойынша материалдар, кейс-стади.
		3 сағат		Психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастыру
3	Мазмұндық модуль	25 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар	Психологиялық диагностика қортындысының нәтижесі негізінде дамыту және түзету бағдарламаларын

				жүзеге асыру бойынша ұсыныстар Білім беру үдерісін психологияландыру, мұғалімдер, балалар және ата-аналардың психологиялық мәдениетін жоғарылатуды қамтамасыз ету
		13 сағат		Өз бетінше жұмыс: - проблеманың қазіргі жай-күйін білу; - таңдалған тақырыптың негіздемесі; - белгілі нәтижелер мен фактілерді пайдалану; - қойылған мәселенің өзектілігі; - қазіргі уақытта ғылыми немесе практикалық маңыздылығын растайтын материал.
4	Технологиялық модуль	7 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер	Болжау стратегиясы сыни тұрғыдан ойлау, бақылау әдісі, іскерлік ойындар бойынша әдістемелік материалдар мен жаттығулар
		3сағат		Ақпараттық технологиялар арқылы өзіндік дағдыларын қалыптастыру әдістемесі
5	ВАРИАТИВТ I МОДУЛЬ (курс тыңдаушылар ының таңдауы бойынша)	7 сағат	Дәрістер, практикалық сабақтар, тренингтер	Психологиялық көмек, рөлдік ойындар бойынша әдістемелік материалдар мен жаттығулар
		3 сағат		Өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мен танымдық қабілеттерін дамыту
6	Қорытынды бағалау	2сағат	Тестілеу	Рефлексиялық жұмыстар. Тестілеу сұрақтары бойынша дайындық.
	Барлығы:	80		

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бұл біліктілікті арттыру бағдарламасы мекеме, бала-бақша, білім беру ұйымдарының басшылары, оқытушылары, мұғалімдері, тәлімгерлері, мамандары, ассистенттерінің инклюзивті білім беру саласында инновациялық технологиясы ретінде білімдерінің деңгейін жоғарылату және ЖОО жағдайларында инклюзивті білім берудің тәсілдемелері мен әдістерін енгізуге жағдай жасауды бағалау. Бағдарламаға қатысушыларының білімін бағалау мониторинг және кері байланыс арқылы жүзеге асырылады. Бағалау процесі сабақтар барысында және соңғы тестілеу нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Курсты аяқтау кезінде тыңдаушылардың білімдері мен дағдылары нақты анықталады. Бағалау жүйесі, тапсырмалар мен пікірталастарды, тестілеуді қамтиды. Қатысушылардың жалпы бағасы олардың тестілеу бойынша нәтижелері мен белсенді қатысуына негізделеді. Әр модуль бойынша жинақталған ұпайлар мен қорытынды аттестация нәтижелері қорытынды бағаны анықтайды.

-кесте: ОТЖ тақырыптарының критерийлері

Мазмұн	Критерий	Дескриптор
Тұрақтылық	Жұмыстың (текст) мазмұнының тақырыпқа сай болуы	2 балл 1 балл 0 балл
Сапалылық	тақырыпқа байланысты модельдерінің сипаттамасы және сапалық деңгейі	2 балл 1 балл 0 балл
Көкейкестілік	ұсынылған маңызды ақпараттар, қолданбалық және жаңалық дәрежесі	2 балл 1 балл 0 балл
Тұтастық	тиімді қарым-қатынас олардың қолдауын және сәтті дамуын қамтамасыз ету	2 балл 1 балл 0 балл
Стимул	мақсатқа жету жолында ынталандыру	2 балл 1 балл 0 балл

4-кесте: Дескрипторды дәстүрлі бағалау жүйесіне көшіру

Баға	Дескриптор
«өте жақсы»	9 - 10 балл
«жақсы»	6 - 8 балл
«қанағаттанарлық»	3 - 5 балл

БАҒА

Курс аясында тыңдаушылардың оқыту нәтижесінің бағалануы олардың қорытынды аттестация нысаны болып табылатын жеке бағдарламаларының сапасымен өлшенеді. Ол үшін бағдарламаны бағалау критерийі жасалып, ұсынылды.

Функционалдылық, қолдану қарапайымдылығы, тиімділік, сенімділік, инновация сынды параметрлермен бағаланатын жеке бағдарлама «жеткілікті» - 2 балл, «орташа» - 1 балл, «төмен» - 0 балл шкалалары арқылы өлшенеді. Нәтижесінде дескрипторлардың көрсеткіштерінің жиынтығы дәстүрлі бағалау жүйесіне ауыстырылады (4-кесте).

9. Курстан кейінгі қолдау

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар жаңа білімдерін практикада қолдану үшін түрлі ұйымдармен ынтымақтастық орната алады. Олар конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шараларға қатыса алады. Сондай-ақ, тыңдаушылар өз білімдерін одан әрі тереңдету үшін қосымша тренингтер, вебинарлар және мастер-класстарға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Бағдарлама аясында тыңдаушылар зерттелген тақырыптар бойынша әдістемелік және нормативтік құжаттармен таныса алады, сондай-ақ тақырыпқа қатысты әдебиеттер мен зерттеу нәтижелерімен жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Бағдарлама материалдары Қазақстан Республикасында арнайы (түзету) және инклюзивтік білім берудің өзекті мәселелерін, мүгедектігі бар балалармен педагогикалық қарым-қатынастың әдістерін, аталған санаттағы балалармен білім беру және түзету жұмыстарының әдістері мен мазмұнын меңгертуді көздейді.

10. Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы (2023 ж. 10.09. берілген өзгерістер мен толықтырумен);

2. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы (2023 ж. 01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

3. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 30 шілдедегі Заңы (2023ж. 03.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

4. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ (26.06.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Заңы;

5. Қазақстан Республикасының «Мүгедектігі бар студенттерді әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (2023ж. 1.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары (2023ж.17.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

7. ҚР Білім және ғылым министрінің «Университетке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы (№ 561 бұйрық, 30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы;

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы (2023ж. 03.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Университетке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (2023ж. 07.10. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (2023ж. 19.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) («Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламалары 34, 67, 126 қосымшалар);

12. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы (ҚР Оқуағарту министрі № 96 бұйрығы. 2023 жылғы 13 сәуірдегі жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен, 14.07.2023);

13. Искакова А., Мовкебаева З., Закаева Г., Айтбаева А., Байтурсынова А. Основы инклюзивного образования. – Алматы – 2013.

14. Мовкебаева З., Денисова И., Оралканова И., Жакупова Д. Инклюзивное образование.- Алматы – 2013.

15. Намазбаева Ж.И., Сарсенбаева Л. О. Особенности психофизического развития детей с особыми потребностями. Алматы, 1999.-157б.

16. Исакова А.Т., Үсенова С.М., Закаева Г.С., Заурбекова З.А.-Инклюзивті тәжірибе: білім беру процесін бейімдеу және түрлендіру// Оқу құралы. 2018 жыл.

17. Сарыбекова Ж.Т., Үсенова С.М., Сағындық Т.А.-Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беру//Оқу-әдістемелік құрал 2020 жыл.

18. Сарыбекова Ж.Т., Үсенова С.М., Сағындық Т.А.-Инклюзивті білім беру жағдайында университет жасына дейінгі балаларды психологиялық – педагогикалық қолдау//Монография 2021 жыл.

19. Оспанбаева М.П. -Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П. Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет.

Курстың инновациялық толтырылуы

Электронды кітапхана

1. http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-17-yanvary-2014-g

2. <https://e.edu.kz/68> «01» маусым 2015 жылғы ҚР БҒМ №348

3. Исакова А.Т., Үсенова С.М., Закаева Г.С., Заурбекова З.А.-Инклюзивті тәжірибе: білім беру процесін бейімдеу және түрлендіру//Электрондық оқу құралы 2018 жыл

4. Сарыбекова Ж.Т., Үсенова С.М., Сағындық Т.А.-Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беру// Электрондық оқу құралы 2020 жыл.